

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының мемлекеттік жіктеушісін - төлем белгілеудің бірыңғай жіктеушісін қолдану ережесін бекіту туралы" 1999 жылғы 15 қарашадағы N 388 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қаулы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі басқармасы 2000 жылғы 16 мамырдағы N 195 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 9 маусымда тіркелді. Тіркеу N 1149. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 203 қаулысымен.

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.08.2016 № 203 (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жіктеушісін - төлем белгілеудің бірыңғай жіктеушісін енгізу бойынша дайындық шараларын өткізу қажеттігіне байланысты Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының мемлекеттік жіктеушісін - төлем белгілеудің бірыңғай жіктеушісін қолдану ережесін бекіту туралы" 1999 жылғы 15 қарашадағы N 388 V991011_ қаулысының 3-тармағының 1) тармақшасындағы "2000 жылдың I тоқсанында" деген сөздер "2000 жылдың 1 шілдесінен бастап" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Төлем жүйесі басқармасы (Мусаев Р.Н.) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Е.Т. Жанкелдинге жүктелсін.

Ұлттық Банк Төрағасы